

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2019 жылғы 25 сәуір**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы таң, құрметті сенаторлар, шақырылған лауазым иелері! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Күн тәртібі бойынша дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе – Президенттің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметінен босату туралы.

Президенттің ұсынуын жариялау үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы Талғат Советбекұлы Донақовқа беріледі.

ДОНАҚОВ Т.С. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Еліс Нұрқасымұлы Әбдіқадыровты, Ғалия Бақытжанқызы Аққуованы, Әділ Жамбасбайұлы Құрықбаевты, Амангелді Өмірбайұлы Сәрсенбаевты және Моряк Смағұлұлы Шегеновті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары қызметінен босату туралы Мемлекет басшысының ұсынымы енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Әбдіқадыров Алматы облыстық сотының төрағасы қызметіне тағайындалды.

Зейнеткерлік жасқа толуларына байланысты Аққуова, Құрықбаев, Сәрсенбаев және Шегенов отставкаға шықты.

Осыған орай, құрметті депутаттар, сіздерден Әбдіқадыровты басқа судьялық қызметке ауысуына, Аққуованы, Құрықбаевты, Сәрсенбаевты және Шегеновті отставкаға шығуларына байланысты Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Мемлекет басшысының ұсынымын қолдауды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талғат Советбекұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті ұсынылған кандидатураларды алдын ала талқылап, өз қорытындыларын әзірледі.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз Дулат Рашитұлы Құсдәулетовке беріледі.

ҚҰСДӘУЛЕТОВ Д.Р. Құрметті Дарига Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентіне сәйкес осы мәселені қарастырды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Кеңесінің басшысын тыңдай келе, комитет Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот судьялары Әбдіқадыровты басқа судьялық лауазымға тағайындалуына байланысты, Аққуованы, Құрықбаевты, Сәрсенбаевты және Шегеновті отставкаға шығуларына байланысты қызметтерінен босатуды ұсынып отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 1-тармақшасының және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының негізінде Қазақстан Республикасы Президенті ұсынуын қолдау ұсынылады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Дулат Рашитұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті депутаттар?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Мәселені талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда жеке-жеке шешім қабылдайық.

Бірінші, Еліс Нұрқасымұлы Әбдіқадыровты Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Екінші, Ғалия Бақытжанқызы Аққуованы Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 43 депутат, «жақтағандар» – 43, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Үшінші, Әділ Жамбасбайұлы Құрықбаевты Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Төртінші, Амангелді Өмірбайұлы Сәрсенбаевты Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Бесінші, Моряк Смағұлұлы Шегеновті Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Басқа судьялық лауазымға тағайындалған және отставкаға шыққан судьяларға еліміздің сот жүйесін дамытуға қосқан үлестері үшін алғысымызды білдіреміз.

Көп жылдар бойы сот саласында жинаған мол тәжірибелеріңізбен жастармен бөлісетіндеріңізге сенеміз. Болашақта сіздерге мықты денсаулық, мол табыстар тілейміз. Аман-сау болыңыздар.

Осымен мәселе қаралып болды. Шақырылған азаматтарға рақмет.

Құрметті әріптестер, енді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қараймыз.

Бұл мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Күләш Ноғатайқызы Шәмшидиноваға беріледі.

ШӘМШИДИНОВА К.Н. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2000 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалын ашу жөнінде бастама көтерді. Сол жылы 9 қазанда Ресей Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға жасаған сапары кезінде филиалдың құрылуы туралы хаттамаға қол қойылды. Филиал осы уақытқа дейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында қызмет етуде.

Қазақстандық филиалдың қызметін одан әрі заңнамалық тұрғыда бекіту мақсатында 2017 жылғы 9 қарашада Челябинск қаласында өткен Қазақстан мен Ресей арасындағы XIV Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімге қол қойылды.

Осы келісім филиалдың жұмыс істеуін реттейді.

Филиалда оқыту Мәскеу мемлекеттік университетінің оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Сонымен бірге келісімде Қазақстанның жоғары оқу орындарында көзделген көлемде Қазақстан тарихы мен қазақ тілін міндетті түрде оқыту қарастырылған.

Бұдан басқа, оқу жоспарларында Қазақстан экономикасының ерекшеліктері ескеріледі. Бірінші және екінші курстарда Қазақстанды жаңғыртудың өзекті мәселелері туралы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклы оқытылады.

Қазақстан филиалдың қызметіне мүлікті өтеусіз беру және білім гранттарын бөлу арқылы қатысады. Филиал мүлікті ешкімге бере алмайды, оның қызметі аяқталған жағдайда мүлік Қазақстанға қайтарылады.

Жыл сайынғы қабылдау жоспары 125 студент және 40 магистрантты құрайды. Бүгінде филиалда 605 студент білім алуда.

Филиал жеке заңды тұлға болып табылмайды, сондықтан Мәскеу университетінің лицензиялары мен аккредитациясы негізінде жұмыс істейді. Осыған байланысты келісімде филиалдың білім беру және қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін ведомствоаралық комиссия көзделген.

Филиал қызметі үш жылда бір рет тексеріледі. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де тексерулер өткізуге болады.

Бұдан басқа, келісімнің 12-бабы жеке хаттама арқылы өзгерістер енгізу мүмкіндігін көздейді. Бұл өзгерістер келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Оқуды сәтті бітірген студенттерге Мәскеу мемлекеттік университетінің дипломы беріледі. Оқу процесіне қатысатын 390 профессор мен оқытушының 130-ы бас университеттен тартылады.

Сонымен қатар Қазақстанда оқып жатқан балалар үшінші, төртінші курстарды Мәскеуде оқиды. Магистранттық дипломдарын қорғау да Мәскеуде өткізіледі.

14 жыл ішінде 1725 маман даярланған. Мониторинг нәтижелері бойынша соңғы бес жылда 93 пайызы Қазақстанда жұмысқа орналасқан немесе оқуын жалғастыруда.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиал түлектерінің міндетті түрде жұмыс өтеу қажеттілігі келісімде бекітілген.

Құрметті депутаттар, бүгін сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіліп отыр. Осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Күләш Ноғатайқызына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловқа беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Бүгін біз М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмысы туралы үкіметаралық келісімді ратификациялау мәселесін қарастырудамыз.

Өздеріңізге белгілі, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1994 жылғы 29 наурызда Мәскеу мемлекеттік университетінде Еуразиялық интеграция жөніндегі бастаманы көтерді. Аталған филиалдың құрылуы – Елбасы ұсынған Еуразиялық интеграция идеясын жүзеге асыру жолындағы нәтижелі істің бірі болып табылады.

Филиал жұмысы 2001 жылдан бастау алады. Содан бері Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалы табысты жұмыс істеуде.

2019 жылғы 11 сәуірде Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры Виктор Садовничийді қабылдау барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандық филиал студенттерге сапалы білім беру қызметтерін ұсынып, табысты жұмыс атқарып келе жатқаны туралы ерекше атап өтті.

Жаңа Күләш Ноғатайқызы айтқандай, қазіргі таңда Қазақстандық филиал Мәскеу мемлекеттік университетінің дипломымен 1725 маман даярлап шықты. Сонымен қатар, филиал түлектерінің 93 пайызы Қазақстанда жұмысқа орналасқан. Бұл еліміз үшін филиал қызметінің тиімділігін көрсететін жоғары нәтиже.

Филиалдағы оқу үрдісі Мәскеу мемлекеттік университеті бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Алайда филиалда міндетті түрде Қазақстанның мүдделері ескеріледі. Қазақ тілі мен Қазақстан тарихын оқытуға көп көңіл бөлінетіні бізді ерекше қуантады, ол үшін 300 сағаттан астам уақыт қарастырылған.

Қазақстанды жаңғыртудың өзекті мәселелері бойынша әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклы оқытылады.

Филиал жұмысының тиімділігі мен құндылығы айқын. Сондықтан филиалдың қызмет көрсету жағдайларын жетілдіру – бұл қазақстандық тараптың маңызды және тұрақты міндеті.

2017 жылы Челябинскіде өткен Қазақстан – Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында филиал қызметінің құқықтық мәртебесі айтарлықтай өсіп, үкіметаралық келісім жасалды.

Осы келісімді ратификациялау филиал жұмысының құқықтық жағдайларын жақсартуға және реттеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қазақстандық тараптың мүліктік базасында филиалдың жұмыс істеуі, тиісті мүлікті өтеусіз пайдалануға беру мәселесі реттеледі.

Келісімде көрсетілген лицензиялау және аккредиттеу мәселелері заңнамалық түрде бекітіледі.

Сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде Қазақстанның республикалық бюджет есебінен филиалдың қызметін қаржыландыру мәселелері қарастырылған.

Осының барлығы Қазақстанда заманауи мамандар даярлауды сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы! Сіздің заң жобаларына қоятын талаптарыңызға сәйкес қаралып отырған заң жобасын жұмыс тобы мен комитетте талқылау барысында туындаған бірқатар мәселелерді атап өткім келеді.

Бірінші, оқыту гранттарының құны туралы. Мәскеу мемлекеттік университеті филиалында бұл 1 миллион 690 мың теңгені құрайды. Мұндай сома білікті профессорларды тартуға, дәрістерді жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. Бұл, шын

мәнінде, білім беру сапасының кепілі. Ал біздің жоғары оқу орындарында, тіпті ұлттық университеттерде гранттар сомасы әлдеқайда төмен.

Бүгінде елдің бәсекеге қабілеттілік шарттарының бірі ретінде білім беру сапасы бірінші орынға шықты. Бұл орайда білім беру сапасын көтеруге бағытталған кешенді іс-шаралар жүргізу туралы ойлану қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқу гранттарының құнын арттыру өте маңызды.

Екінші, филиалдың жұмыс базасы туралы. Филиал құрылған уақыттан бері Еуразия ұлттық университеті базасында жұмыс істеп келеді. Ғимаратқа қатысты 14 жылда Еуразия ұлттық университетінің тарапынан 270 миллион теңгеден астам ақша жұмсалды. Бұл дұрыс емес деген пікірлер де айтылды, себебі Мәскеу мемлекеттік университеті және Еуразия ұлттық университеті әлемдік аренада және әлемдік рейтингтерде бәсекелестер болып табылады. Сондықтан Мәскеу мемлекеттік университеті филиалына жеке ғимарат бөліп беруді тиімді шешім деп ойлаймыз. Бұл мәселе де өз шешімін тапса, дұрыс болар еді.

Білім беру сапасы бойынша бірқатар басқа да мәселелер көтерілді. Бірақ бүгінгі таңда ең басты мәселе – жоғары білім беру саласындағы заңнаманың тиімділігін арттыру.

Өткен жылдың 4 шілдесінде біз «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдадық. Бір жыл өтті, бірақ ол заңның іске асу тиімділігі белгісіз.

Біздің пікірімізше, ең алдымен бұл мәселе бойынша жан-жақты талдау қажет. Соның ішінде жоғарыда аталған мәселелердің барлығын біріктіретін білім сапасы бойынша талдау жүргізу керек. Комитетте осындай талдаулар болды.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында талқыланып, жан-жақты қарастырылды.

Парламент Сенатының тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ. Айтылғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақытжан Тұрсынұлы.

Бақытжан Тұрсынұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті сенаторлар?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Комитеттің ұсыныстары бойынша не айтасыз, Күләш Ноғатайқызы?

ШӘМШИДИНОВА К.Н. Дариға Нұрсұлтанқызы, жалпы ұсыныстардың барлығы да дұрыс.

Бірінші. Біздің жоғары оқу орындарының гранттарын көтеру туралы мәселе бірнеше рет көтеріліп келе жатыр. Біз болашақта бұны тағы да ұсынамыз, себебі қажет екенін түсініп отырмыз.



Екінші. Жеке ғимарат бөлу туралы мәселе қазір қарастырылып жатыр. Осы заң жобасы қабылдағаннан кейін қарастыратын боламыз.

Жоғары оқу орындарына байланысты заңға көптеген өзгерістер енгізілді. Олар жоғары оқу орындарының жұмысын реттеуде көп көмек тигізеді. Қазір подзаконный актілердің барлығын қайтадан қарап жатырмыз. Негізі жоғары оқу орындарына ертең жақсы маман дайындап шығару үшін көбірек мүмкіндік беру керек.

Ұсыныстардың бәрімен келісеміз, болашақта жұмыс істейміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді мәселені талқылауға көшейік. Сөз сенатор Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы! Қадірлі әріптестер! Әріптесім Бақытжан Тұрсынұлының заң жобасы бойынша айтылған пікірлерімен толық келісемін. Өйткені Ресейдің беделді университетінде білім алу мүмкіндігі қарапайым қазақ жастары үшін қолжетімді болады. Бұл құптарлық жайт.

Сонымен қатар осы заңға тікелей қатысы болмаса да, отандық жоғары білім беру жүйесіне қатысты қордаланып қалған мәселелерге Үкіметтің, жуырда ғана Білім және ғылым министрі болып тағайындалған, осы салада мол тәжірибесі бар Күләш Ноғатайқызының назарын аударғым келеді.

Барлық өркениетті елдер даму стратегиясын айқындап жүйелеу кезінде жоғары білімнің сапасын бірінші орынға қояды, өйткені жоғары білім – кәсіби машықтану алаңы.

Елбасымыздың білім сапасын көтеру жөніндегі талабы бүкіл білім жүйесіне әсер ететін жоғары оқу орындарында қалай жүзеге асырылуда? Салыстырмалы түрде алсақ, 1991 жылы 17 миллион халқы бар Қазақстанда 55 жоғары оқу орны болса (оның 2 ғана университет), ал қазір елімізде 128 жоғары оқу орны бар.

Дамыған Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде 320 мың адамға бір жоғары оқу орнынан келетін болса, бізде 141 мың адамға бір жоғары оқу орнынан келеді. Алайда біз жоғары оқу орнының саны жөнінде дүние жүзі бойынша алдыңғы орынға шыққанымызбен, сол беріліп жатқан білімнің сапасы сын көтермейді. Жоғары білім беретін көптеген оқу орындарындағы болып жатқан келеңсіздіктер мен білім сапасының төмен болуына не себеп? Оның негізгі себептері, меніңше, мыналар.

Біріншіден, коммерциялық жоғары оқу орындарының көпшілігі сапалы білім бере алмай, тек қаржы жинау құралына айналып отырғаны шындық. Былтырғы жылдан бастап, Ұлттық тестілеуден 50 баллдан төмен алған білім деңгейі төмен мындаған талапкерлер жыл бойы үш реттен тест тапсырып, оқуын жалғастыра беретін болды. Бұл талапкерлер негізінен 11 жыл бойы мектепте нашар білім алғандар. Олар ертең қандай мұғалім, дәрігер, инженер болмақ? Демек жоғары оқу орындарының көпшілігі сапалы білімге емес, тек диплом беруге машықтанып алған.

Екіншіден, аймақтық деңгейдегі сұранысқа мән берілмей, кадрлар дайындалып жатыр. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының зерттеуі бойынша, еліміздегі жұмыс беру нарығында қазіргі таңда небәрі 30 пайыз жоғары білімді маман керек болса, қалған 70 пайыз жұмыс орындарына орта арнаулы колледждерді бітіргендер қажет екен.

Көші-қон комитетінің мәліметіне сүйенсек, соңғы жеті жылдың ішінде елімізге көрші Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерінен 6 миллион еңбек мигранттары келіп, құрылыс, ауыл шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету салаларында жұмыс жасап, осы бос орындарды толтырған.

Біз жыл сайын мемлекет және ата-аналардың қаражатының есебінен қазіргі нарыққа қажет емес 10 мыңдаған жоғары білімді мамандар даярлап, жұмыссыздар санын қолдан көбейтіп отырмыз. Жылына бітіріп жатқан осыншама жоғары білімді дипломы бар мамандар экономикамызға қажет пе? Бұл мәселені қалай реттейміз?

Үшіншіден, 2018 жылы жоғары білімге бөлінген қаржы ішкі жалпы өнімнің 0,35 пайызын құраған, ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде бұл көрсеткіш 1,6 пайызды құрайды.

Мысалы, еліміздегі ұлттық университеттерде мемлекеттік грант есебінен білім алатын әрбір студентке жылына 635 мың 800 теңге, ал басқа жоғары оқу орындарына 443 мың 300 теңге бөлінеді. Ал бүгінгі қаралып отырған Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалында оқитын әрбір студентке бюджеттен жылына 1 миллион 690 мың теңге қаржы береміз. Айырмашылық төрт есе. Сондықтан да отандық жоғары оқу орындарында жұмыс жасайтын оқытушы-профессорлардың айлығы өте төмен. Мысалы, ғылым докторы, профессор 130-150 мың, ғылым кандидаты, Ph.D доктор 80-100 мың теңге көлемінде ғана жалақы алады. Осындай жалақымен күн көріп отырған оқытушылардан сапалы білім сұрауға бола ма?

Еліміздің жоғары оқу орындарында дамыған елдерге қарағанда, ғалымдардың саны екі есе аз, материалдық-техникалық базалары талапқа сай келмейді, білім беру бағдарламалары барынша жаттанды теорияландырылып, жұмыс берушілермен, кәсіпкерлермен байланыс нашар. Сондықтан да мектеп бітірген түлектер сапалы білім беретін шетелдік оқу орындарына кетіп жатыр. Соңғы үш жыл ішінде тек Шығыс Қазақстан облысынан 3 мың жас талапкер Ресейдің жоғары оқу орнына түскен.

Төртіншіден, еліміздегі 128 жоғары оқу орнының 82-сі университет мәртебесіне ие екен. Ғылыми жұмыспен айналысатын фундаменталды классикалық формадағы университеттерден басқасын профильдік бағыттағы институт не академия статусына түсіру тетіктерін жасау қажет.

Сонымен қатар Әл-Фараби атындағы Ұлттық университет пен Гумилев атындағы Еуразиялық университетте 35 мыңнан астам бакалаврлар білім алады. Негізі бұл екі оқу орны магистрлер мен Ph.D докторларды даярлайтын, ірі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын оқу орындары болып, ал бакалавр мамандықтарын негізінен өңірлердегі оқу орындары дайындаулары керек.

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес докторанттар контингентін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінен жүзеге асырылады деп белгіленген. Алайда бұл қабылданған ереже бұзылып, докторантурада еліміз бойынша ақылы негізде 1 мыңға жуық азамат оқиды екен. Шынайы ғалымдарды қаржы төлеу арқылы жасай алмаймыз. Енді осылай кете берсек, 10 жылдан кейін билікте, бизнесте жүргендердің көбісі Ph.D доктор болып шыға келеді. Бұған тоқтам жасауымыз керек.



Білім және ғылым министрлігі – қасиетті орта. Бұл бүкіл жас ұрпақтың тағдыры айқындалып, шешілетін жер. Бір мәселенің басы анық – бүгінгі күні білім сапасы тек бір министрліктің ғана міндеті емес, жалпы ұлттық мәселе. Сондықтан да соңғы кездерде үздіксіз реформалардың жетегінде жүрген осы саланы дұрыстауға сіздің тәжірибеңіз бен білімділігіңіз жетеді деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз сенатор Нөкетаеваға беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы – білімді жастар екендігі баршамызға мәлім.

Елбасы – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Жастар Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болулары керек. Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» – деп атап көрсетті. Сол себепті өскелең ұрпаққа сапалы білім беруге бағытталған осы қаралып отырған заң жобасының маңызы ерекше.

Бүгінгі қаралып отырған келісім Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеу шарттарын бекітеді.

Мәскеу мемлекеттік университеті Ресейдің көне және ірі классикалық университеттерінің бірі екендігін, әрі әлемдік ғылым мен мәдениет орталығы болып табылатынын жақсы білеміз.

Осы университеттің Қазақстандық филиалының жұмысы екі елдің білім саласындағы байланыстарын дамытып қана қоймай, сонымен қатар 10-нан астам түлегі Нобель лауреаты болып атанған университеттің біздің отандық жоғары оқу орындарына бәсекеге ынталандырушы фактор болуы тиіс.

Айта кететін жайт, келісім бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары кемінде үш жыл жұмыс істеп, өтеуі міндетті. Бұл талапты біз қолдаймыз. Және ол Мәскеу университеті түлектерінің ел экономикасына қосар үлестеріне кепілдік десек болады.

Сонымен қатар, филиал жұмысын одан әрі жақсарту тұрғысында комитеттің ұсыныстары тағы да бар. Мысалы, студенттердің білім деңгейін жоғарлату үшін, үздік студенттерге көтермелеу шараларын қолдану. Мысалы, жоғары стипендия тағайындау сияқты. Бұл тәжірибе біздің отандық жоғары оқу орындарында қолданылады және студенттердің арасында бәсекелестіктің жоғарлауы арқылы білім сапасына септігін тигізері анық.

Құрметті әріптестер, айтылғандардың негізінде, аталған заң жобасының маңыздылығын ескере отырып, заң жобасын өзім қолдаймын және сіздерден қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Динар Жүсіпәліқызы.

Осымен талқылау аяқталды. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру рәсіміне көшейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 43, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет.

Білім және ғылым саласында әлі шешілмеген бірталай мәселе бар, бірлесіп жұмыс істейміз, сіздерге көмектесеміз. Аман-сау болыңыздар.

Пожалуйста, Сидорович Александр Владимирович.

СИДОРОВИЧ А.В. Большое спасибо, господа сенаторы, за это решение. Мы будем работать так, чтобы дальше оправдывать доверие создателя филиала Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева, Президента Российской Федерации Владимира Владимировича Путина и народа Казахстана. Мы не подведем! Также мы не подведем и Московский государственный университет. Мы будем делать так, чтобы Казахстан и Россия гордились тем, что мы готовим казахстанцев на мировом уровне, что впереди других университетов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо большое, Александр Владимирович. Желаем Вам успехов! Нам нужно побольше высококвалифицированных специалистов.

СИДОРОВИЧ А.В. Казахстан и здесь впереди, он первый среди стран заключил межправительственное соглашение о деятельности Московского государственного университета. Казахстан еще раз доказал, что образование для республики приоритет номер один. Это будущее, это смысл, это наша жизнь, это наши дети. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо. Всего доброго!

Құрметті сенаторлар, күн тәртібінің үшінші мәселесі – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Слово для доклада предоставляется вице-министру юстиции Наталье Виссарионовне Пан.

ПАН Н.В. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті Сенат депутаттары! Сіздердің қарауларыңызға 2017 жылғы 11 желтоқсандағы «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Бұл келісім одақ аумағында құқықтарды ұжымдық басқару арқылы қазақстандық авторлардың мүлктік құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Өз кезегінде одаққа кіретін мемлекеттердің авторларының мүліктік құқықтары Қазақстан Республикасы аумағында қамтамасыз етілетін болады.

Авторлардың Еуразиялық экономикалық одақ аумағында сыйақы алу құқығы іс жүзінде ұжымдық басқару арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты келісім ұжымдық басқару ұйымдарының негізгі қағидаттарын, құқықтары мен міндеттерін, оларды мемлекеттік бақылау нысандарын белгілеу арқылы ұжымдық басқарудың жалпы тәсілдерін реттейді.

Келісімде авторларға жиналған сыйақыны бөлу және төлеу, міндетті аудит жүргізу, ұжымдық басқару ұйымдарының міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершіліктің негіздері қарастырылады.

Келісімге сәйкес ұйымдар жиналған сыйақы сомасының 50 пайызына дейін өзінің шығыстарын жабу және арнайы қорлар үшін ұстап қалуға құқылы. Алайда әр мүше мемлекет өз заңнамасында мұндай ұстап қалудың ең төменгі шекті жалпы мөлшерін белгілей алады.

Мысалы, еліміздің ұлттық заңнамасына сәйкес ұйымдардың шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30 пайызынан аспауға тиіс. Бұл ретте зияткерлік меншік саласында ұлттық заңнама үшін келісімде бір жаңа механизм қарастырылған. Атап айтқанда, келісімге сәйкес әр мемлекет 5 жыл ішінде ұйымдардың сайттарында авторлардың аудиторлық қорытындыларға қол жеткізілуін қамтамасыз ету міндетті. Бұл ұжымдық басқару ұйымдарының қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін болады.

Келісімде реттелмеген мәселелер мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес шешілетін болады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Будут ли вопросы к Наталье Виссарионовне? Сенатор Кылышбаев.

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті Наталья Виссарионовна! Біз қарап отырған келісімге сәйкес ұлттық заңнамаларға түзетулер енгізу қарастырылған. Осыған орай келесі сұрақтар. Қазіргі таңда қандай шаралар қабылдануда? Ұлттық заңнамаларымызды осы келісімге сәйкес келтіру үшін, қанша уақыт талап етіледі? Және түзетулер енгізілгенге дейін қай заңнамалармен жұмыс жүргізілетін болады? Рақмет.

ПАН Н.В. Сұрақтарыңызға рақмет. Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

Дело в том, что на ратификацию мы пришли с законом в связи с тем, что в соглашении предусмотрена норма, которая сейчас не содержится в нашем действующем законодательстве. Она касается требования о том, что организации по коллективному управлению правами должны обеспечивать размещение аудиторского отчета, именно профессионального бухгалтерского отчета о движениях и передвижениях, сборах денежных средств и вознаграждениях, предназначенных авторам, на своих интернет-ресурсах. Такая информация должна быть размещена и представлена в течение пяти лет.

Это обеспечивает дополнительную прозрачность, транспарентность, доверие к такой системе, как коллективное управление авторскими правами и правами правообладателей.

В настоящее время в недрах Министерства юстиции ведется работа по разработке законопроекта о внесении поправок в Закон «Об авторском праве и смежных правах», которые предусматривают оптимизацию количества организаций по коллективному управлению правами, потому что во всем мире их количество примерно одна–две, а у нас восемь.

Мы подключаем консультантов, привлекаем в рамках займа Всемирного банка, кроме того, в рабочем режиме разрабатываем с Всемирной организацией интеллектуальной собственности. Я думаю, что в следующем году мы будем готовы прийти с законопроектом в Парламент.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сенатор Құртаев, сөз сізге беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті Наталья Виссарионовна! Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар авторлармен, сондай-ақ кәсіпкерлер тұлғасындағы пайдалынушылармен өзара іс-қимыл жасайды. Сондықтан олардың қызметі ашық және қолжетімді болу керек. Олардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін заңмен белгіленген міндеттер қандай? Рақмет.

ПАН Н.В. Спасибо за вопрос.

Дело в том, что Законом «Об авторском праве и смежных правах» предусмотрена обязанность организаций иметь свой интернет-ресурс. На таких веб-сайтах они размещают реестр прав, объекты, правообладателей и пользователей, с которыми заключены договоры. В случае если у авторов имеются сомнения в том, что есть недоначисление в результате использования их объектов, они могут обратиться в уполномоченный орган (Министерство юстиции), мы проводим проверки. Это не плановые проверки, а только по обращениям заявителей. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сенатор Бектұрғанов.

БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. Уважаемая Наталья Виссарионовна, исходя из названия соглашения мы поняли, что оно регулирует авторские права только музыкальных произведений, так как здесь есть оговорка, что на коллективной основе. Такая форма у нас пока только относится к музыкальным произведениям. Однако Закон Республики Казахстан «Об авторском праве и смежных правах» регулирует отношения в области интеллектуальной собственности, возникающие в связи с созданием и использованием произведений науки, литературы и искусства, постановок, исполнений, фонограмм, передач организаций эфирного и кабельного вещания.

Также этот закон определяет более 10 объектов авторского права, в том числе литературные, драматические, музыкально-драматические, сценарные произведения, произведения хореографии, живописи, пантомимы, архитектуры, даже программы ЭВМ.

В связи с этим вопрос. Предусматривается ли в рамках данного соглашения регулирование и защита авторских прав таких объектов авторского права? Если нет, то планируется ли в рамках Евразийского экономического союза заключение документа, регулирующего данный вопрос?

ПАН Н.В. Спасибо за вопрос.

Этот вопрос мы обсуждали на заседаниях рабочей группы, комитета. Как я уже говорила, именно эти объекты исторически востребованы на практике, поэтому по ним заключено соглашение.

Что касается иных объектов изобразительного искусства, архитектуры, ЭВМ, то этот вопрос стоит на повестке дня. Соглашением не предусмотрено. Но в рамках законопроекта, который я отметила, мы будем реализовывать и обеспечивать защиту авторских прав. Спасибо.

ТӨРАҒА. А какие на сегодняшний день в Казахстане есть системные и повседневные проблемы в области защиты авторских прав?

ПАН Н.В. Первая проблема (и об этом нам говорят консультанты, которых мы привлекали из Великобритании, Соединенных Штатов Америки) в том, что восемь организаций, которые есть на сегодняшний день, превышают потребность, в том числе и для нашего рынка.

Мы беседовали с заместителем Генерального директора Всемирной организации интеллектуальной собственности. Она считает, что было бы достаточно одной или двух организаций. Конечно, мы не берем вслепую эти рекомендации, мы проводим переговоры с представителями организаций по коллективному управлению правами, пользователями, придем к решению, какое количество будет являться оптимальным.

Что касается повседневных проблем. К нам поступают обращения авторов о том, что производится, по их мнению, недоначисление, то есть не со всех объектов взимается плата, и организации по коллективному управлению правами не перечисляют. На такие сигналы мы реагируем. По итогам проверок мы приходим к выводу, что у организаций по коллективному управлению правами отсутствует достаточно проработанная система перечисления. То есть в нескольких объектах автор получает, но не может отследить, каким образом, какой объект, сколько ему начислили. Здесь мы рекомендуем организациям по коллективному управлению правами вести отдельный учет перечисления средств.

ТӨРАҒА. В случае если вы обнаружили нарушение авторского права, какие дальнейшие действия, какое наказание предусматривается в отношении нарушителя?

ПАН Н.В. Если мы обнаруживаем нарушение авторских прав, мы будем ставить вопрос вплоть до лишения аккредитации данной организации.

ТӨРАҒА. Спасибо, Наталья Виссарионовна.

Тағы қандай сұрақтарыңыз бар, құрметті депутаттар?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Спасибо, Наталья Виссарионовна.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Марат Мырзағалиұлы Тағымовқа беріледі.

ТАҒЫМОВ М.М. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Талқыланып отырған Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісім Еуразиялық экономикалық одақ аумағында құқықтарды ұжымдық басқару арқылы авторлардың мүліктік құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осыған байланысты келісім авторлық және сабақтас құқықтарды басқару жөніндегі ұйымдардың қызметін реттейді.

Атап келгенде, келісім жиналған сыйақыны бөлу және төлеу механизмін айқындайды, ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін белгілейді.

Осымен бірге ұйымдардың ресми сайттарда ақпаратты жариялау, құқық иеленушілері туралы мәліметтерді қамтитын тізілімдерді орналастыру, аудит жүргізу міндеттері осы ұйымдардың қызметінің ашықтығын қамтиды.

Жалпы айтқанда, келісімді ратификациялау Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіруге мүмкіндік тудырады, бұл саладағы ынтымақтастықты халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттарына сәйкес жаңа деңгейге көтереді.

Заң жобасы бойынша барлық комитеттер өздерінің оң қорытындыларын берді.

Баяндалғанды ескере келе, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңды қабылдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Марат Мырзағалиұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті депутаттар?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Сұрақтар болмаса, мәселені талқылауға көшеміз. Сөз сенатор Түсіпбековке беріледі.

ТҮСІПБЕКОВ Р.Т. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған келісім авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару



саласындағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің алғашқы халықаралық келісімі болып табылады.

Келісімді ратификациялау авторлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің барлық аумағында олардың зияткерлік меншік объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыға құқығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, сіздерден аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.  
Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Рашид Төлеутайұлы.

Осымен талқылау аяқталды. Заңды қабылдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру рәсіміне көшейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды. Шақырылған лауазым иелеріне рақмет.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленовке беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге 2018 жылғы 17 мамырда қол қойылды.

Келісім жасасу бойынша келіссөздерді бастау туралы шешімді Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің басшылары 2016 жылы қабылдады.

Бұл ретте Мемлекет басшысының Иранмен еркін сауда аймағын құру бастамасы 2014 жылы Каспий маңы мемлекеттері басшыларының саммитінде айтылды.

Бұл келісімді іске асыру 80 миллионнан астам халқы бар Иранның перспективті нарығына отандық тауарлардың экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, мұндай келісімді жасау экспортты әлемдік нарыққа шығару құралдарының бірі болып табылады.

Иранмен өзара сауда көлемі 2018 жылы 516,3 миллион долларға жетті, оның ішінде 82,6 пайызы Иранға экспортты құрады. Экспортқа шығарылған негізгі тауарлар: арпа, болат илек, рапс тұқымы және қой еті.

Келісімге сәйкес Иран тарапы 864 тауарға қатысты импорттық баж мөлшерлемесін төмендетті.

Иран нарығына сиыр және қой еті, бұршақ дақылдары, өсімдік майлары, макарон және кондитерлік өнімдер, болат илек, рельстер, аккумуляторлар, арматура, құбырлар және тағы басқа тауарларды жеңілдетілген тариф бойынша жеткізу мүмкін болады.

Бұл тауарлар бүгінгі күні Қазақстанның ағымдағы экспортының жартысынан астамын құрайды.

Өз кезегінде Еуразиялық экономикалық одақ елдері 502 тауар бойынша импорттық баж мөлшерлемесін төмендетеді. Олар пісте, құрма, інжір, жүзім, креветкалар, кондитерлік өнімдер, ыдыс, жуу құралдары, кілемдер, пластмасса бұйымдары.

Келісім ратификациялау рәсімдері аяқталған соң 60 күннен кейін күшіне енеді.

Келісімнің қолданылу мерзімі – 3 жыл.

Ратификациялаудан кейін бір жыл ішінде тараптар еркін сауда аймағы туралы тұрақты келісім бойынша келіссөздерді бастайды.

Уақытша келісім ережелері Дүниежүзілік сауда ұйымының нормаларына толық сәйкес келеді.

Заң жобасын іске асыру республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Руслан Ерболатұлына сұрақтарыңыз бола ма, құрметті сенаторлар? Сенатор Еламанов.

ЕЛАМАНОВ Б.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Ұлттық экономика және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің өкілдеріне.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы біздің еліміз бен Иран арасындағы сыртқы сауданы дамытуға өз септігін тигізетіні даусыз. Әсіресе сиыр етіне Иран тарапынан баж салығының 61,5 пайызға төмендетілуі аталған өнімнің экспорттық әлеуетін арттыруға үлкен жол ашып отыр.

Сонымен қатар ақталған күріш, қарақұмық және макарон өнімдері бойынша да баж салықтары 40-тан 63 пайызға дейін төмендетілген. Бұл өте жақсы деп ойлаймыз.

Алайда еліміздің басты экспорттық тауарлары саналатын бидай, арпа және ұн өнімдері бойынша бұндай жеңілдіктер қарастырылмаған.

Биылғы жылдың ақпан айында Мәскеу қаласында Қазақстан, Ресей және Иран мемлекеттерінің уәкілетті органдары Иран нарығына бидай жеткізу туралы үштараптық меморандумға қол қойғаны белгілі.

Қазіргі кезде қазақстандық астықты Иранға тасымалдауда инфрақұрылымдық мәселелер толық шешілген.

Осыған байланысты менің сұрағым. Иранда үлкен сұранысқа ие болып отырған козы етіне, арпа өнімдеріне баж салықтарын төмендету көрсетілмеген. Және біздің үлкен экспорттық тауарымыз – бидайға да ондай жеңілдіктер көрсетілмеген. Осы өнімдерге

байланысты, баж салығына байланысты және алдағы мүмкіндіктер туралы не айтар едіңіз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бүгінгі отырысқа Ауыл шаруашылығы вице-министрі Рустем Жомартұлы Құрманов қатысып отыр.

Жауап бересіз бе?

ҚҰРМАНОВ Р.Ж. Что касается вопроса по пшенице и ячменю, то здесь ситуация следующая. Ячмень очень проходной на Иран, мы ежегодно вывозим в Иран 1,5 миллиона тонн.

У нас очень сложная ситуация с пшеницей, поскольку в свое время, 10 лет назад, Правительство Ирана приняло национальную программу по обеспечению пшеницей. Три года назад они достигли полного обеспечения пшеницей. И нам не удалось договориться, чтобы они сделали снижение по казахстанской пшенице. Теперь они будут закупать пшеницу у нас в рамках соглашения только в трех случаях, когда у них будет неурожай и засуха, и по трем механизмам – своп-операции, транзит казахстанской пшеницы через территорию Ирана, временный ввоз пшеницы и переработка на территории Ирана, в последующем транзит муки в другие страны, которые находятся за Ираном.

Когда мы начали поднимать вопрос по пшенице, прозвучал альтернативный вопрос от иранской стороны, чтобы мы снизили пошлины по мясу птицы. Учитывая, что у нас развивается птицеводство, мы не смогли разменять эту норму на пшеницу. Считаем, что в действующей редакции соглашения, где указаны три механизма, этого пути пока будет достаточно, не открывая им дороги по мясу птицы.

На сегодняшний день по пшенице такая ситуация. По ячменю ситуация более или менее нас устраивает, 1,5 миллиона тонн есть. Но спрос на ячмень большой, поскольку он является кормовой основой.

ТӨРАҒА. Сенатор Еламанов.

ЕЛАМАНОВ Б.Қ. Со стороны Иранской Республики сейчас большим спросом пользуются ячмень и ягнятина. Нельзя ли добиться преференций по таможенным пошлинам? В данном законе это не предусмотрено.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос. Баранина и говядина в данном соглашении предусмотрены. Вы правы, понижения ставки нет, действующая ставка в размере 5 процентов здесь зафиксирована. Это хорошо тем, что Иран, как правило, в течение года иногда поднимает ставки в несколько раз. Такая практика благодаря фиксации для казахстанских товаров не будет применяться, для нас всегда будет ставка 5 процентов на входе в Иран. Это достаточно маленькая ставка, туда доступ будет открыт.

Что касается понижения, например, по пшенице, муке. Этот вопрос мы ставили, иранская сторона выставила встречные предложения по сахару, мясу, текстилю, обуви. Очень большой пакет встречных предложений от них был. Это нам невыгодно. Поэтому договорились на переговорах эти позиции не обсуждать.

В данном соглашении прописано, что в течение года мы должны сесть за стол переговоров для продления данного соглашения либо создания свободной экономической зоны в полной мере. В течение года мы будем проводить переговоры, какие еще позиции для казахстанского экспорта мы можем отыграть. Эту позицию мы будем держать, работу проводить. Рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатович, какова на сегодняшний день процедура оформления товара для вывоза на экспорт? Какие организации решают, сколько нужно документов сдать, сколько согласований? Может быть, кто-то из ваших коллег об этом скажет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Дарига Нурсултановна, я поясню. На экспорт нужен минимальный пакет документов. Как правило, это разрешение на экспорт, если это регламентируемый товар, если нет, то достаточно контракта, правоустанавливающий документ на товар, ИИН, БИН экспортера.

Основная проблема у нас складывается при импорте. Нужно будет показывать очень много справок, очень много бумажной работы. Сейчас Министерство финансов проводит работу, чтобы электронизировать данные процедуры, чтобы данные справки можно было получать из баз государственных органов. Такая работа на сегодняшний день проводится.

Что касается импорта. Есть послабления для уполномоченных операторов. Они могут ввозить товары без декларирования, делая временное заявление. Это является основанием для ввоза. Позже уполномоченный оператор досдает декларации и нужные документы. Такое упрощение на сегодняшний день есть.

ТӨРАҒА. У нас по экспорту другая информация. Говорят, что очень сложно, уходит много времени, что сейчас разрешительные документы идут через Министерство иностранных дел. Это так?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Дарига Нурсултановна, там, где нет разрешительных документов, они идут онлайн. Портал, режим реализован, полностью электронизирован, здесь проблем нет, время на экспорт короткое.

Что касается получения документов. Там, где есть ограничения, действительно получение документов очень усложнено, в том числе не электронизирована база данных Министерства сельского хозяйства. Также не электронизированы отдельные документы, которые выдает Национальная палата предпринимателей «Атамекен», бизнесменам приходится, что называется, идти за ними ногами, чтобы осуществить экспорт. Это есть. Над этим сейчас работаем.

ТӨРАҒА. Надеюсь, вы над этим поработаете в ускоренном темпе. Производители жалуются, что есть скоропортящийся товар, сельскохозяйственная продукция, они не могут три недели или месяц ждать, когда наши бюрократы выпишут справку. Поэтому есть проблема. Тем более мы заинтересованы в том, чтобы как можно больше нашей

продукции на экспорт вывозили. Об этом сказано во всех посланиях, государственных программах. Поэтому мне кажется, что вам здесь надо очень активно поработать.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо, Дарига Нурсултановна.

На сегодняшний день такую работу мы проводим. Нашим министерством разрабатывается карта стимулирования экспорта.

Казахстанский несырьевой экспорт на сегодняшний день составляет 23 миллиарда долларов США. Наша задача – к 2022 году довести до 31 миллиарда долларов США, это экспорт обработанных товаров, плюс 8 миллиардов долларов США. Это колоссальный прирост в экономике для трудовых ресурсов.

Сейчас мы разрабатываем дорожную карту, где и что можно упростить у себя, какие преференции мы можем защитить, выбить в других государствах потенциального экспорта. Эту работу мы берем на контроль, специальная дорожная карта нами разрабатывается.

ТӨРАҒА. Спасибо, Руслан Ерболатович.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Асқар Асанұлы Бейсенбаевқа беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ А.А. Құрметті Дарига Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы тараптар арасында сауда-экономикалық қатынастарды тереңдетуге алғы шарттар жасайды.

Келісімде тараптар арасында преференциялық сауда режимін белгілеп, нақты тауарлар тізбесі үшін екі жаққа бірдей негізде импорттық кедендік баждарды үш жыл мерзімге төмендету қарастырылған.

Иран қазақстандық өнімдердің экспортын ұлғайтудағы келешегі зор нарық болып табылады.

Иранмен өзара тауар айналымының оң серпіні байқалады. Ол 2018 жылғы бірінші тоқсанда, 2017 жылмен салыстырғанда, 170 миллион АҚШ долларын құрап, 70 пайызға өсті.

Бұл келісім ирандық нарық бағытына қол жеткізу талабын жақсартады.

Келісім Қазақстанның экспорттық мүддедегі тауарларын, Иранның бүгінде басқа елдерге ұсынып отырған шарттарына қарағанда, едәуір жеңілдікпен жеткізуге мүмкіндік береді.

Келісім Иранмен сауданың тұрақты талаптары мен ережелерін қалыптастырады және саудадағы санитарлық және фитосанитарлық іс-шаралар мен техникалық бөгеттерді, сауда рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған тауарлардың шыққан елін анықтаудың кедендік рәсімдері мен ережелерін қолдануды реттейді, Дүниежүзілік сауда ұйымы мен халықаралық құқық нормаларына негізделген.

Бұл Еуразиялық экономикалық аймақ пен Иран арасында бірнеше тауар түрі бойынша сауда айналымын жеңілдетуге бағытталған келісім.

Осыған дейін Еуразиялық экономикалық одақ еркін сауда аймағын құру туралы келісімді Вьетнаммен жасаған. Одақтың бұл салада алғашқы тәжірибесі бар және Еуразиялық экономикалық одақ – Вьетнам келісімдері салыстырмалы түрде сәтті жоба екендігін айтуымыз қажет.

Экономикалық одақ пен Иран арасында еркін сауда аймағын құру туралы идеялар бұрыннан айтылып келеді. Өртүрлі зерттеулер жаңа келісім Еуразиялық экономикалық одақтың Иранға экспортын 1,4 миллиард долларға өсіруге мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр. Оның жартысына жуығы (508 миллион долларға дейін) – Қазақстанның Иран нарығындағы қосымша экспорттық әлеуеті.

Еліміз еркін сауда аймағы арқылы Иранға өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін тасымалдай алады. Бұл өте маңызды.

Қазақстан бұрыннан Иранмен өзара тиімді шарттарға құрылған прагматикалық қарым-қатынастарға ұмтылып келеді. Географиялық тұрғыдан алғанда, Қазақстанға ең жақын орналасқан Парсы шығанағына шығатын теңіз порттары Иранға тиесілі.

Иран – сауда айналымы бойынша Қазақстанның Азиядағы ең ірі әріптестерінің бірі.

Талдау Қазақстаннан экспортталатын өнімдердің басым бөлігі шикізат түрінде сатылатынын көрсетеді. Қазақстанға тән негізгі өнімдер – бидай, ет түрлері бізде өңделместен Иранға шикізат түрінде жеткізіледі. Яғни Қазақстандағы өндіріс мекемелерінде бұл көлемде өнім өңделмейді, қосымша құн өсімі түспейді, экономикалық дамуға өз әсерін тигізбейді.

Өкінішке қарай, жалғыз Иран емес, басқа да мемлекеттерге экспортталатын өнімдердің басты бөлігі шикізат түрінде сатылатынын ашық айтуымыз керек. Бұл Үкіметтің экспорттың шикізаттық бағыттан шығып, өңделген өнім ретінде сату үшін отандық тауар өндірушілерді қолдау мен өндірістерді дамыту жұмыстарын күшейтудің қажет екендігін және бұл саладағы жұмыстың әлі де өте төмен деңгейде екендігін айту керек. Тіпті Қазақстаннан дәстүрлі ұн сатып алатын мемлекеттердің соңғы жылдары ұн емес, бізден тек бидай алатын жағдайға жеттік. Жаңа Ауыл шаруашылығы вице-министрінің айтқан сөзі соған күә.

Заң жобасын іске асыру отандық тауарларды жаңа өткізу нарығына шығаруға жол ашып, еліміздің экспорттық потенциалын ұлғайтуға оң әсерін тигізеді.

Заң жобасы бойынша мүдделі министрліктердің өкілдерімен жұмыс тобының отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді, жан-жақты талқыланды.

Сенаттың тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Осы айтылғанды ескере отырып, заң жобасын қабылдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Асқар Асанұлы.

Асқар Асанұлына сұрақтарыңыз бар ма, құрметті депутаттар?

ОРНЫНАН. Жок.



ТӨРАҒА. Сұрақтар болмаса, мәселені талқылауға көшейік. Сенатор Көбенов.

КӨБЕНОВ М.Ш. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Осы келісімнің мақсаты сыртқы саясатты әртараптандыру, ұлттың экономикалық және сауда мүдделерін қорғау үшін міндеті экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту болып табылатын «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес келеді. Экономикалық және сауда дипломатиясының дамуы сыртқы саясатты жетілдірудің артықшылығы болып табылады.

Келісім тараптар арасындағы тауар саудасын ырықтандыру мен жеңілдету мақсатында жасалған. Иранмен жүргізілетін өзара сауда қатынастарының әртараптылығы мен дамуы Қазақстан Республикасының ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін дамыту мақсатына сәйкес келеді.

Келісімнің мақсаты мен негізгі жағдайын ескере отырып, оның мемлекеттер үшін негізді және уақтылы екендігін, экономикалық даму мен мемлекеттің стратегиялық мақсатына жетуге жағдай жасайтындығын белгілеймін.

Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Манап Шарапиденұлы.

Басқа сөйлейтіндер жоқ, талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық.

«Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 44 депутат, «жақтағандар» – 44, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет. Аман-сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, енді депутаттық сауалдарға көшеміз. Сөз сенатор Еңсегеновке беріледі.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Ел өмірінде ерекше мәнге ие саланың бірі – темір жол. Кеңес дәуіріндегі салынған темір жол инфрақұрылымы жүктерді тиімді және оңтайлы тасымалдауды толық қамтамасыз ете алмады. Бұған темір жолдар жүйесінің негізінен елдің оңтүстігі мен солтүстігін байланыстыруға бағытталғандығы да себеп болды.

Қалыптасқан жағдайды түзету мақсатында тәуелсіздік жылдарында 1182 километр темір жол желілері салынып, іске қосылды. Мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында да бұл жұмыстар жалғасын тапты.

Дегенмен, осы кезге дейін «Атырау – Орал» бағытындағы темір жол құрылысы қолға алынбай тұр. Қазақстандағы облысаралық темір жол байланысы тек Атырау мен

Батыс Қазақстан облыстарында ғана жоқ. Бұл Атыраумен шектесіп жатқан Маңғыстау облысы үшін де қолайсыз.

Ел экономикасына сүбелі үлес қосатын, өндірісі мен ауыл шаруашылығы қатар дамыған, шет елдің инвесторлары шоғырланған, жалпы пайдалы қазбаларға бай аймақтар арасындағы темір жол байланысының болмауы экономика үшін де, адамдар үшін де тиімсіз әрі қиындық туғызып отыр.

Бұл мәселеге орай бұдан бұрында Сенат отырысында Үкімет мүшелеріне сұрақтар қойылып, көтерілген еді. Алдағы уақытта инфрақұрылымды дамытудың жаңа бағдарламасының қабылдану мүмкіндігін ескере отырып, Атырау мен Батыс Қазақстан облысын жалғайтын Ресей шекарасына дейінгі тікелей темір жол желісін жоспарлау туралы ұсыныс енгіземін.

Осы сұраққа орай, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында «Қатынас жолдарын дамыту ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дайындаған «Атырау – Орал – Самара» жүрдек магистралдық темір жол желісінің таныстырылымы өтті. Атырау қаласынан Орал қаласы және Ресей шекарасына дейінгі темір жол желісінің жалпы ұзындығы – 575 километр. Институттың есептуі бойынша, жылына 8 миллион тонна жүк тасымалы болған кезде құрылысқа кететін қаржы 20 жылда ақталады. Осы саланың мамандары жүк тасымалы жылына болжамды 8 миллион тоннадан кем дегенде 1,5-2 есеге көп болады деген пікірлер айтуда. Бұндай жағдайда қаржының да тез қайтарылатыны белгілі.

Аталған жол елдегі ішкі жолаушылар мен жүк қатынасын жақсартып, экономиканың өсуіне ықпал жасайды. Бұнымен қоса, ол халықаралық «Солтүстік – Оңтүстік» темір жол дәлізінің аса маңызды буынына айналып, мемлекет есебіне еселеп қаржы түсіретін табыс көзіне айналады.

Бұл жол қосымша тұрақты жұмыс орындарын ашуға, жол бойындағы елді мекендерге жаңа тыныс беріп, адамдардың тұрмыс деңгейін көтеретіні сөзсіз.

Сонымен бірге бизнес пен кәсіпорындардың көліктік көрсетілетін қызметтерге шығындарын төмендетуге, өнім экспорты үшін мүмкіндіктерді арттыруға және өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қашықтықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, сізден еліміздің іргелі аймақ тұрғындары мен кәсіпкерлерінің өтініштерін жеткізе отырып, тиісті министрліктер мен құрылымдарға осы ұсынысты қарап, жолдың техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау мен іске асыру туралы тапсырма беруіңізді сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен, сенаторлар Еңсегенов, Бейсенбаев, Бортник, Жолдасбаев, Көбенов, Құртаев, Мамытбеков, Сұлтанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәрсенбай Құрманұлы.

Пожалуйста, Куставлетов Дулат Рашитович.

ҚҰСДӘУЛЕТОВ Д.Р. Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые коллеги! Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! Поводом моего депутатского запроса послужили широко обсуждаемые в обществе проблемы экологии и обеспечения нормальной жизнедеятельности наших граждан. На эти злободневные вопросы на встречах с населением мы наталкиваемся каждый раз.

Так, в пункте 1 статьи 31 Конституции указано: «Государство ставит целью охрану окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека». Вместе с тем средства массовой информации пестрят заголовками о многочисленных нарушениях в области экологии и обеспечения санитарного благополучия населения. Такое положение вещей негативно сказывается на здоровье населения, вследствие чего со стороны общества формируется негативное отношение к институтам государственной власти.

Основной причиной сложившейся ситуации является отсутствие системы адекватного взаимодействия центра с территориями, руководящего состава со своими подчиненными. Центральные исполнительные органы, сосредоточившись на глобальных проблемах и разрабатывая правила игры, не слышат территориальные проблемы, а сотрудники на территории ждут команды сверху, чтобы начать хоть что-то делать. Аналогичным образом цепочка доходит до рядового работника коммунального предприятия.

Но самое главное, институты местного самоуправления вообще никак не работают с населением либо формально исполняют требования законодательства. Потребительское отношение и безразличие к происходящему для общества стали нормой. Отписаться и отправить заявителя подальше, чем реально помочь решить его проблему, стало главной задачей чиновников на местах. Именно это и вызывает вполне обоснованную критику, а порой и агрессию к государственным структурам со стороны граждан.

Первое. Стихийные свалки, проблемы вывоза мусора из дворов, горы окурков под окнами многоэтажек и так далее. Вот как сегодня, к сожалению, можно охарактеризовать общий силуэт любого города и населенного пункта Казахстана, а также нашей столицы.

Конечно, можно говорить, что стало намного чище. Но реальную уборку производят только на центральных улицах городов и населенных пунктов. Жители окраин и дворов, не выходящих на центральные улицы, вынуждены мириться и жить в таких условиях.

Как всегда, перед приходом очередного высокопоставленного чиновника из столицы или акимата коммунальные службы начинают активно работать и чистить место его ожидаемого посещения, а потом все возвращается на круги своя.

Буквально недавно жители поселка Коянды жаловались, что поселок завален мусором и собачьими трупами, которые после отстрела никто не убирал.

Важно помнить элементарную истину: чисто не там где, убирают, а там, где не мусорят. Но работа участковых с населением по предотвращению загрязнения мест общего пользования, парков, скверов, в том числе по выбросу коммунальных отходов в неустановленных местах стала проводиться очень вяло и бессистемно, а принцип неотвратимости наказания на практике не работает.

Второе. Проблема загрязнения окружающей среды крупными сырьевыми и перерабатывающими предприятиями сегодня является самой опасной и сложно решаемой.

В настоящее время Комитет экологического регулирования и контроля находится в составе Министерства энергетики. Учитывая мировые тенденции, в условиях экономического кризиса для этого министерства на первом месте, конечно же, стоит развитие топливно-энергетического комплекса, а уж потом создание условий по сохранению, восстановлению и улучшению качества окружающей среды. Налицо конфликт интересов в одном органе.

Третье. Проблема обеспечения питьевой водой всех граждан стала бичом со времени обретения независимости. Регулярно в бюджете закладываются колоссальные средства, а воз и ныне там.

Не надо далеко ходить. В самой столице много районов, население которых не имеют доступа к питьевой воде. А это районы не стихийной застройки. Например, все колонки по улицам Кокарал, Байшешек и Кокжелек убрали, а подключения целого ряда домов к водопроводу сотрудники ГКП «Астана су арнасы» произвести не могут, так как центральный водопровод слишком старый и может сломаться! На три улицы работает всего лишь одна колонка!

Аналогичная проблема имеется даже в центре города по улице Джангильдина, а также в районе агрогородка, поселке Коктал и других старых районах столицы.

Если убрали колонки, чтобы предотвратить факты хищения воды и устранить случаи несанкционированных автомоек, то создайте условия для официального стопроцентного проведения воды в каждый дом! Иначе где людям брать питьевую воду?

Но самое главное, собственников домов, не подключенных к центральному водопроводу, обязывают, и нередко через суд, платить за воду, которая им фактически не предоставляется!

И это только в столице такая плачевная ситуация с обеспечением населения питьевой водой!

В близлежащих поселках возле столицы (Талапкер, Жибек жолы, Коянды и так далее) проблему воды люди решают сами. Они самостоятельно роют скважины или колодцы либо зарывают емкости в землю и покупают у частных воду, порой сомнительного качества.

В отдаленных селах и районах страны ситуация еще хуже!

Четвертое. Ежегодно в паводковый период, а также при выпадении обильных осадков мы сталкиваемся с проблемой запущенности дренажной системы и ливневой канализации, а в отдельных случаях – с полным их отсутствием. Целые населенные пункты оказываются под ударом стихии, имеются человеческие жертвы, люди теряют кров и имущество.

Все мы помним, когда из-за таяния снега и разлива рек было затоплено 52 поселка в Актюбинской, Карагандинской, Павлодарской, Северо-Казахстанской, Восточно-Казахстанской, Костанайской и Акмолинской областях.

Например, в столице буквально недавно по улице Байшешек затопило несколько домов, был нанесен имущественный ущерб, который не был возмещен. Естественно, в СМИ этот случай не освещался, но факт остается фактом.

Пятое. Проблемы скотомогильников стоят в республике не менее остро. В СМИ периодически освещают о выявлении скотомогильников на территории разных областей. Получается, что системной работы в данном направлении не проводится, а это влечет угрозу санитарно-эпидемиологического благополучия целых регионов. Складывается впечатление, что все зависит только от выделения денег из бюджета. В данной ситуации крылатая фраза «утром деньги – вечером стулья» применяться не может. Необходимо наладить системную работу в данном направлении.

Шестое. Работа по защите животного мира от браконьеров и от самих же работников, в должностные обязанности которых входит осуществление данной защиты, нуждается в перезагрузке и принятии срочных комплексных мер.

Недавний массовый отстрел сайгаков и задержание инспектора «Охотзоопроба», а также массовая гибель рыбы по неустановленным причинам свидетельствуют о достаточно серьезных упущениях и проблемах в данной сфере.

Учитывая вышеизложенное, предлагаю Правительству Республики Казахстан особое и должное внимание уделить поднятым проблемам и активизировать работу по указанным направлениям.

О результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах прошу проинформировать в срок, установленный Конституционным законом «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

С уважением, Куставлетов». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Дулат Рашитович.

Завтра у меня встреча с депутатами городского маслихата столицы. Присоединяйтесь, как раз поговорим о проблемах города, инфраструктурных проблемах. Если есть желающие, добро пожаловать.

Мұқашев Төлеубек Төлеуұлы.

МҰҚАШЕВ Т.Т. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

«Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину. Депутатский запрос.

Уважаемый Аскар Узакпаевич! 15 апреля текущего года в городе Минске состоялось первое заседание подкомиссии по развитию сотрудничества в инновационной сфере Межпарламентской комиссии Сената Парламента Республики Казахстан и Совета Республики Национального Собрания Республики Беларусь.

На заседании двусторонней подкомиссии обсуждены актуальные вопросы казахстанско-белорусского взаимодействия. Одним из них поднимался вопрос об организации совместного производства беспилотников в Казахстане, который требует тщательной проработки с нашими государственными органами.

В частности, несмотря на наличие Дорожной карты двустороннего сотрудничества между странами, вопрос приобретения и организации производства беспилотников на базе АО «НК «Қазақстан Ғарыш Сапары» остается нерешенным в течение полутора лет.

Более того, по информации белорусских коллег, интерес к данному вопросу поочередно проявляют Министерство обороны, Комитет национальной безопасности, Министерство цифрового развития, оборонной и аэрокосмической промышленности и

акимат Карагандинской области, что затрудняет решение данного вопроса. С нашей стороны присутствует инертность и отсутствие единого мнения по данному вопросу.

Учитывая перспективность и приоритетность реализации данного проекта, а также готовность белорусской стороны к сотрудничеству, просим разобраться в создавшейся ситуации и оказать в случае практической необходимости содействие в реализации указанного совместного проекта.

Депутаты Сената Мукашев, Мусабаев, Бейсенбаев, Енсегенов, Акимов, Бортник, Жумагулов, Мамытбеков, Султанов, Жолдасбаев, Кубенов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Уважаемые коллеги, хотела напомнить, что в недрах Министерства энергетики сейчас идет работа над проектом концепции нового Экологического кодекса. Наверное, мы попросим, чтобы включили в рабочую группу представителей от Сената. Присылайте ваши предложения, будем работать.

Концепция очень важна, потому что потом на базе концепции разрабатывается вся остальная законодательная база. Қазірден бастап қателік жібермейік. Сол жұмысқа кіріссек, мүмкін, экология жағынан бірталай мәселелер шешілер.

МҰҚАШЕВ Т.Т. Женис Нургалиев уже ведет эту работу, комитет начал работу.

ТӨРАҒА. На всех пленарных заседаниях обязательно звучат запросы, касающиеся вопросов экологии. Они реально назрели. Поэтому если у кого-то есть интересные идеи и предложения, пожалуйста, присылайте.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелердің барлығы толық қаралды. Отырысты жабық деп жариялаймын. Аман-сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Д. НАЗАРБАЕВА



**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2019 жылғы 25 сәуір**

<b>Күн тәртібі бойынша</b>	
О повестке дня .....	1
<b>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметінен босату туралы</b>	
Об освобождении от должностей судей Верховного Суда Республики Казахстан	
<b>Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы</b>	
<b>Т.С. ДОНАҚОВТЫҢ баяндамасы</b>	
Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан	
ДОНАКОВА Т.С. ....	1
<b>Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Д.Р. ҚҰСДӘУЛЕТОВТЫҢ қосымша баяндамасы</b>	
Содоклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам КУСТАВЛЕТОВА Д.Р. ....	2
<b>Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде</b>	
О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о функционировании Казахстанского филиала Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан	
<b>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі</b>	
<b>К.Н. ШӘМШИДИНОВАНЫҢ баяндамасы</b>	
Доклад Министра образования и науки Республики Казахстан	
ШАМШИДИНОВОЙ К.Н. ....	3
<b>Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі</b>	
<b>Б.Т. ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ қосымша баяндамасы</b>	
Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке	
ЖУМАГУЛОВА Б.Т. ....	4
<b>Сөз сөйлегендер:</b>	
Выступили:	

БАҚТИЯРҰЛЫ М. ....	7
НӨКЕТАЕВА Д.Ж. ....	9
СИДОРОВИЧ А.В. ....	10

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о порядке управления авторскими и смежными правами на коллективной основе», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі Н.В. ПАННЫҢ баяндамасы**

Доклад вице-министра юстиции Республики Казахстан ПАН Н.В. .... 10

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. ....	11
ҚҰРТАЕВ Ә.С. ....	12
БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. ....	12

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі М.М. ТАҒЫМОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ТАГИМОВА М.М. .... 14

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ТҮСІПБЕКОВ Р.Т. ....	14
----------------------	----

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Временного соглашения, ведущего к образованию зоны свободной торговли между Евразийским экономическим союзом и его государствами-членами, с одной стороны, и Исламской Республикой Иран, с другой стороны», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі**

**Р.Е. ДӘЛЕНОВТИҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан

ДАЛЕНОВА Р.Е. .... 15

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ЕЛАМАНОВ Б.Қ. ....	16
--------------------	----

ҚҰРМАНОВ Р.Ж. – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі, вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан ..... 17

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы А.А. БЕЙСЕНБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству БЕЙСЕНБАЕВА А.А. .... 19

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

КӨБЕНОВ М.Ш. .... 21

**Депутат С.Қ. ЕҢСЕГЕНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЕНСЕГЕНОВА С.Қ. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 21

**Депутат Д.Р. ҚҰСДӘУЛЕТОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КУСТАВЛЕТОВА Д.Р. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 23

**Депутат Т.Т. МҰҚАШЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**


Депутатский запрос депутата МУКАШЕВА Т.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. .... 25

«Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



С. Теңбаев

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева